

**Жамбыл облысы бойынша 2022 жылға тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялауға арналған бюджет қаражатының көлемдерін бекіту туралы**

Жамбыл облысы әкімдігінің 2022 жылғы 25 мамырдағы № 113 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 31 мамырда № 28269 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27 - бабына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 107 " Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20209 тіркелген) сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Жамбыл облысы бойынша 2022 жылға тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялауға арналған бюджет қаражатының көлемі субсидияланатын тұқымдардың әрбір санаты бойынша бекітілсін.

2. "Жамбыл облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Жамбыл облысы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жамбыл облысының әкімі*

*Н. Нуржигитов*

Жамбыл облысы әкімдігінің  
2022 жылғы 25 мамырдағы  
№ 113 қаулысына қосымша

**Жамбыл облысы бойынша 2022 жылға бойынша тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялауға арналған бюджет қаражатының көлемі субсидияланатын тұқымдардың әрбір санаты бойынша**

мың. теңге

--	--	--	--	--	--	--

Бюджет түрі	Жалпы қажетгі	Бірегей тұқымдар	Элиталық тұқымдар	Бірінші репродукция тұқымдары	Бірінші ұрпақ будандарының тұқымдары	Элиталық көшеттер
Жергілікті	857 000	2 288	231 244	58 473	244 063	320 932
Барлығы	857 000	2 288	231 244	58 473	244 063	320 932

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК